

Қорыта келгенде, жылдан-жылға күрделеніп бара жатқан жастар арасындағы тәлім-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жаңа жүйеге бейімдеу мақсатында мектеп пен ата-ана, мектептен тыс тәрбие ошақтары арасында тығыз байланыс орын алуы тиіс және кәмелетке толмағандармен құқықтық тәрбие жүйелі түрде жүргізілуі керек. Тәуелсіз Қазақ елінің өсіп-өркендеуі мен гүлденуін тікелей жастармен байланыстыратын Елбасы: «Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын әрқашанда атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды» деп айтып көрсетті.

Біздің ойымызша, қандай да бір құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағанға негізінен бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза қолданылып, жаза өз мақсатына жету үшін, құқық бұзушылық жасаған адамды тәрбиелеу үшін онымен жеке жұмыс күнделікті атқарылуы тиіс, яғни ата-ана, мектеп, жоғары оқу орны, құқық қорғау органдары жүйелі түрде жұмыс атқарса, сонда ғана алға қойылған мақсатқа жетуге болады, себебі кәмелетке толмаған жеткіншектер – еліміздің азаматы, еліміздің болашағы!

Әдебиеттер тізімі:

- 2 Белгібеков Е. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы // Әділ сот. –2009ж. – №4. – 13-15 бет.
- 3 Аязбеков Т. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарға белгіленетін жауаптылық түрлері
- 4 Қазақстан Республикасының құқық жаршысы. // Заңгер. – 2013. – №2. – Б.36-39 б.
- 5 Бұғыбай Д. Қылмыстық құқық – Алматы, 2003. – 232 б.
- 6 Наумов А.В. Қылмыстық құқық. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2001. – 590 б.
- 7 Қасымбетов Қ. Кәмелетке толмағандардың жеке басының ерекшеліктері // Хабаршы. – Алматы, 2011. – №4(60). – 97-101 б.

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫ ИНСТИТУТЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

*Оспанова М.Н., заң факультетінің 4 курс студенті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(Ғылыми жетекші – Г.С. Рысжанова, з.ғ.м., қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы)*

Елбасының алға қойған маңызды міндеттерінің бірі - еліміздегі сот төрелігін нақты іске асыру, оның халыққа ашық және қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция арқылы кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыру болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесінде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастыру қажет. Заң бұзушылықтар бойынша дауларды шешуде тергеу судьясы институтының сотқа дейінгі өндірісті бақылаудағы рөлін арттырып отырады [1, 37].

Мемлекет басшысы өзінің бес институционалды реформасын жүзеге асыру барысында судьяларды таңдау, оларға қойылатын кәсіби біліктілік талаптары – сот жүйесінің әлсіз тұстары екендігін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, судьялар жабық корпорацияға айналмауы тиіс керісінше, қоғамға ашық болуы керек. Бұл ретте Елбасы ашық болу мәселесін судьялар қатарындағы коррупцияға қарсы дәрімен теңеді. «Судьялар сот жүйесінде кемінде 5 жыл істеген болуы қажет. Олар қатаң іріктеуден өтуі шарт және аз дегенде 1 жыл тәжірибеден өтуі қажет. Жаңадан алынған судьялар бір жыл тәжірибелік мерзімде болуы тиіс және оқудан соң сынақ тапсырып, ең мықты дегендері қызметке алынуы қажет», - деді Елбасы [2, 1].

Біздің елімізде ҚР ҚПК - не сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап тергеу судьясының институты жұмыс істей бастады. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында прокурорлық қадағалаумен қатар тергеу судьясы институтын енгізу арқылы сот бақылауын жүргізу - азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын мемлекет тарапынан қорғалуына тиімді әсерін тигізетіні сөзсіз.

Қылмыстық – процесік кодексіндегі қылмыстық процестің бастапқы сатысындағы тергеуге дейінгі азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтауға және көптеген іс шаралар жүргізбей-

ақ қылмыстық істі объективті, жан-жақты тергеуге мүмкіндік береді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру ұғымы енгізіліп, азаматтарды ұстаудың тәртібі регламенттелді және іс жүзінде ұстау ұғымының мән-мазмұны нақтыланды [1, 37].

Тарихқа жүгінетін болсақ тергеу судьясы алғаш рет 1808 жылы Францияда, Наполеон кодексінің қабылдануымен пайда болған. Қазіргі кезде тергеу судьялары Франция, Бельгия, Испания, Италия және Германия елдерінде тергеу судьясы қызметін атқарып келеді. 2012 жылы Украинаның жаңадан қабылданған қылмыстық – процестік кодексінде осы тергеу судьясы институты енгізілген болатын.

Тергеу судьясы институтының атауына талдау жасайтын болсақ, біріншіден "тергеу" терминін заңгерлер мен азаматтар қылмыстық істерді тергеуді жүзеге асыратын судья ретінде түсінуі мүмкін. Шын мәнінде шетел заңнамасы мен заң әдебиеттерінде тергеу судьясы термині 1810 жылы Франция мемлекетінде енгізілген тергеу судьясы институтымен немесе «juge d'instruction» терминімен тығыз байланысты. Содан кейін бұл термин басқа Еуропалық мемлекеттерде енгізіле бастады. Еуропалық тергеу судьяларының дәстүрлі қызметі сотқа дейінгі тергеп - тексеруді жүргізу болып табылады. Революцияға дейінгі Ресейде бұл институт соттық тергеуші деп аталған болатын. Сонымен қатар кейбір Еуропалық мемлекеттерде, мысалы Германия, Франция және Италия мемлекеттерінде соңғы жылдары арнайы судьялық қызмет енгізілді. Бұл судья қамауға алуды қолдану мәселесін және сотқа дейінгі тергеп - тексеру барысында тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына бақылау жасайды. Германияда бұл судья Ermittlungsrichter немесе сотқа дейінгі тергеп - тексеру бойынша судья деп аталады. Ал Францияда - juge des libertés et de la detention немесе адам құқықтары мен сотқа дейінгі ұстау бойынша судья деп көзделген. Италия мемлекетінде бұл судья giudice per le indagini preliminari немесе сотқа дейінгі тергеп - тексеру бойынша судья деген атауға ие. Бұл Еуропалық мемлекеттерде осы судья сотқа дейінгі тергеп - тексеруде де, қылмыстық істі мәні бойынша қарауға да қатыспайды. Яғни айыптау мен ақтау бойынша шешімді қабылдауға қатыспайды. ҚР ҚПК - нің баптарына талдау жасай отырып, тергеу судьясы институтының атауын сотқа дейінгі тергеп - тексеру барысында тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша судья деген атауға өзгертуге ұсыныс білдіремін.

Франция елінде өзінің қызметін Наполеон кодексінен бастау алған тергеу судьясы институты қазіргі кезде де жалғастырып келеді. Францияда жалпы юрисдикциялық алдын ала тергеудің екі органы бар. Оларға тергеу судьясы (бірінші саты) және тергеу камерасы (екінші саты) жатады. Ал тергеу судьясының өкілеттіктеріне келетін болсақ, оларға:

- тергеу әрекеттерін (оқиға болған жерді қарау, жауап алу, беттестіру, алу және т.б.) атқару жолымен дәлелдеме жинау (айыптау және ақтау бойынша);
- айып тағу;
- айыпталушы мен жәбірленушінің қорғаушысын қылмыстық істің материалдарымен таныстыру;
- соттық бақылауды атқару;
- алдын ала тергеуді аяқтау;
- қылмыстық істі тоқтату немесе сотқа жіберу жатады.

Ресей профессоры И.Я. Фойницкийдің айтуы бойынша «тергеу судьясы айыптау және қорғау қызметтерін атқармауы тиіс, өйткені ол қылмыстық құқықбұзушылықтарды тергеуде объективті және бейтарап болып, қылмыстық істі тоқтату немесе сотқа жіберу сұрағын шешуі қажет.»

Германияда тергеу судьясының бірқатар өкілеттіктерін учаскелік судьялар атқарады. Ал Италия және посткеңестік елдерде тергеу судьясы тек алдын ала тергеу кезінде адам құқықтарының сақталуын ғана қадағалайды. Германия, Испания және біздің елімізде тергеу судьясы алдын ала тергеу кезінде дәлелдемелерді соттық ретінде бекітеді. Алайда дәлелдемелерді жинақтайтын судья айыпталушыны әшкерелеп өзі айыптау функциясын атқарады. Ал бұл өз алдына сайысушылық принципін бұзып отыр [3].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық – процестік кодексінің 7-бабы 47-бөлігіне сәйкес тергеу судьясы – сотқа дейінгі іс жүргізу барысында Қылмыстық -процестік кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыратын бірінші сатыдағы сот судьясы [4, 52]. Қазақстан Республикасының Қылмыстық -процестік кодексінің 54 - бабы 3 - бөлігіне сәйкес тергеу судьясы – бірінші сатыдағы соттың судьясы, оның өкілеттігіне қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын жүзеге асыруы жатады. Тергеу судьясын (судьяларын) осы сот төрағасы судьялардың қатарынан тағайындайды, яғни олар өздері судьялық қызметін атқарып жатқан судьялардың қатарынан қалалық, аудандық

және оған теңестірілген сот төрағаларының өкімімен тағайындалады. Тергеу судьясын алмастыру қажет болған жағдайда ол қайта тағайындалуы мүмкін және тергеу судьясы тек қылмыстық істерді қарайтын бірінші сатыдағы соттардың және жалпы құзыретті (юрисдикция) соттардың судьяларынан тағайындалуы керек. Тергеу судьясын қажет болған жағдайда алмастыру туралы қағида Францияның Қылмыстық-процестік кодексінде де қарастырылған. Занда нақты көзделмегендіктен, іс ауыртпашылығына байланысты бірнеше тергеу судьясын тағайындау мүмкіншілігін қарастырған жөн [1, 38].

Жалпы тергеу судьясының өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қылмыстық -процестік кодексінің 55-бабында көзделген. Тергеу судьясы өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді сот отырысын өткізбей, жеке-дара қарайды. Егер заңды және негізделген шешім шығару үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы тиісті тұлғалардың және прокурордың қатысуымен сот отырысын өткізу туралы қаулы етеді. Күзетпен ұстауды санкциялау, ұйқамақты санкциялау, экстрадициялық қамақты санкциялау, күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту, кепілді қолдану, мүлікке тыйым салуды санкциялау және тез бұзылатын немесе қылмыстық істі мәні бойынша шешкенге дейін ұзақ сақталуы елеулі материалдық шығындарды қажет ететін заттай дәлелдемелерді өткізу туралы, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жәбірленуші мен куәнің айғақтарын сақтауға қою мәселелерін қарау кезінде сот отырысын өткізу міндетті болып табылады. Сот отырысы тергеу судьясының өкімі бойынша бейне-байланыс режимінде жүргізілуі мүмкін. Тергеу судьясы істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қараудың нысанасы болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешуге, тергеп-тексеру бағыты және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар беруге, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың және қадағалаушы прокурордың, сондай-ақ істі мәні бойынша қарайтын соттың орнына әрекет жасауға және шешім қабылдауға тиіс емес.

Сонымен қатар 2015 жылдың 31 қазанында Қазақстан Республикасының Қылмыстық –процестік кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес тергеу судьясының өкілеттіктері кеңейтілді. Атап айтатын болсақ, тергеу судьясына қарау, алу, тінту мен жеке тінту тергеу әрекеттерін санкциялау секілді бірқатар қосымша өкілеттіліктер берілді. Мұндай өзгерістер өзінің тиімділігін дәлелдеп отыр. Мысалы, 2016 жылы 4 айдың ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық -процестік кодексінің 55 - бабы бойынша тергеу судьяларының қарауына 17 628 материал келіп түсті. 2015 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда бұл 3 есеге көп (2015 жыл 5 айы бойынша 6191 материал) болып отыр. Осы ретте олардың жартысынан астамы тергеу судьясының жаңа өкілеттіктері бойынша өтінішхаттар 47,4 пайызды (8359 материал) құрады. Оның ішінде 6758 материал алуды санкциялау бойынша 80,8 % құраса, тінту бойынша 1097 материал, ал жеке тінтуге қатысты – 471 материал болды. Қарауды санкциялау ең төменгі үлесті құрап, яғни барлығы 23 материалды алып отыр. 2015 жылдың 4 айымен салыстырсақ қамаққа алу, кепіл, ұйқамақ бұлтартпау шаралары бойынша өтінішхаттар 8,1 % - ға (2016 жылғы 4 айда қамаққа алуға санкция беру 3611 ден 3320 адамға азайған) азайды. Сонымен қатар, тергеу судьясы 2015 жылдың 4 айында прокурордың және тергеушінің іс-әрекеттеріне байланысты 409 - ға жуық шағымдарды қарап, олардың ішінен бестен бір бөлігін қанағаттандырған болатын [5, 1].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық –процестік кодексіне сәйкес негізгі мәселелердің бірі болып 148 - бап бойынша санкциялау туралы істерді қарағанда қылмыстық істердің соттылығы белгіленбеген: тұрғылықты жері бойынша ма немесе ұстап алынған жері бойынша ма? Тергеу судьясы өкілеттілігіне жататын басқа мәселелер бойынша да соттылық анықталмаған. Оған қоса ҚР ҚПК –нің 148 – бап 4 - бөлігіне сай тергеу судьясының күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты күдіктінің, айыпталушының қатысуынсыз қарауына күдіктіге, айыпталушыға іздестіру жарияланған немесе олар Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде болған және сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған кезде қылмыстық процесті жүргізетін органға келуден жалтарған жағдайларда ғана жол беріледі. Ұстап алынған жағдайда күдікті, айыпталушы тандалған бұлтартпау шарасын қолданудың негізділігін қарау үшін тергеу судьясына жеткізіледі. Сот күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын санкциялап қойған кезде, іздестірілу жарияланған күдікті, айыпталушы ұстап алынған жағдайда, сот бұлтартпау шарасын қайта санкциялауды қарауы керек. Осындай жағдайда сотқа қандай құжаттар тапсырылуы керек, қарау тәртібі және қандай қаулы шығарылатыны беймәлім.

Келесі маңызды мәселе болып тергеу судьясы материалдарды сотқа келіп түскеннен бастап сегіз сағаттан кешіктірмей, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы

өтінішхатты ҚР ҚПК - тің 56-бабында айқындалған тәртіпті сақтай отырып, прокурордың, күдіктінің, айыпталушының, оның қорғаушысының қатысуымен қарайды. Сот отырысына заңды өкіл мен өкіл де қатысуға құқылы. Сот отырысының орны мен уақыты туралы сот уақтылы хабарлаған жағдайда, көрсетілген процеске қатысушылардың келмеуі сот отырысын өткізуге кедергі болмайды. Бұл бапта кімнің заңды өкілі және қорғаушысы қатысуына құқылы екені көрсетілмеген және жәбірленуші туралы мүлдем айтылмаған. Туындайтын сұрақ: сот отырысына жәбірленушіге хабарлама жіберілу тиіс пе? Тергеу судьясы материалдарды қысқа мерзімде 8 сағаттан 3 тәулікке дейін қарауы тиіс. Тараптарға хабарлама жіберу қиынға соғатындықтан, тергеп - тексеру органдарына құжаттарды сотқа жіберген кезде, тараптарды сотта іс қаралатындығы туралы хабарландыру немесе тараптардың келуін қамтамасыз етуді жүктеуді міндетті қылдыруды дұрыс деп санаймыз. Қазақстан Республикасының Қылмыстық – процесік кодексінің 148 – бабының 5 - бөлігіне сай, прокурордың осы өтінішхатты қарау барысында күдікті, айыпталушы және олардың мүддесінде қорғаушы ұйқамақ немесе кепіл түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы. Қазіргі кезде «Ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын орындау қағидасын бекіту» туралы ҚР ӘМ 22.09.2014 жылғы бұйрығында ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын орындау тәртібін сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының не егер бұлтартпау шарасы сот іс жүргізуі уақытында қолданылса, соттың өтініші бойынша тергеу судьясы (сот) таңдайтын ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын орындау тәртібін белгілейді – деп көрсетілген [6, 1]. Бірақ ҚР ҚПК – тің 136-бабына сай, бұлтартпау шарасы тек қылмыстық процесі жүргізетін органмен қолданылады, ал сот тек оны санкциялайды және сот қылмыстық қудалау органы болып табылмайды - деп көзделген. Туындайтын сұрақ: күдікті мен қорғаушы жақтың қамаққа алу мен кепіл туралы бұлтартпау шарасын қолдану туралы өтінішін қалай шешу керек? Сот күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын санкциялау кезінде оны басқа бұлтартпау шарасымен өзі ауыстыра алады ма?

Келесі бір мәселе болып, ҚР ҚПК – тің 152-бабындағы тергеу судьясының күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты қарауы және мерзімдерді есептеуі.

1. Күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхат тергеу судьясының жеке-дара қарауына жатады. Күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхат келіп түскен күнінен бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде қаралуға жатады. Сот отырысына міндетті түрде прокурор қатысады. Отырысқа сондай-ақ күдіктінің қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі және өкілі қатыса алады. Осы жағдайда күдіктінің қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі және өкілі қатысып отырған жағдайда, өзінің сот отырысына келуін міндетті болып табылмау жөнінде ұсыныс білдіремін.

Күзетпен ұсталу мерзімін ұзартуға прокурор өтінішхат беріп отырған адам сот отырысына қатысуға құқылы, бұл жағдайда, сот тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органға оны сот отырысына жеткізуді жүктеуге құқылы.

2. Судья отырыстың басында қандай өтінішхаттың қаралуға жататынын жариялайды, келген адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, содан кейін енгізілген өтінішхат бойынша тараптардың күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын сол қалпында қалдыру қажеттігі тұрғысындағы дәлелдерін тыңдап:

1) күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты қанағаттандыру;

2) күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту және бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны неғұрлым жеңілдеуіне өзгерту және оны қамаудан босату туралы қаулылардың бірін шығарады.

Тергеу судьясына қатысты тәжірибеде кездесетін маңызды мәселелердің қатарына кепілдің өлшемін анықтауда келтірілген зиянмен және басқа да жағдайға байланысты сұрақтарды анықтау керек. ҚР ҚПК – тің 145 – бабының 10 - бөлігіне сәйкес, күдікті, айыпталушы үшін кепіл енгізген тұлға күдіктінің, айыпталушының қылмыстық процесі жүргізетін органға келуі жөніндегі міндеттерді орындауын бұдан әрі қамтамасыз етуге жағдайы келмейтіні туралы жазбаша өтініш жасаған жағдайда, егер күдікті, айыпталушы көрсетілген міндеттерді бұзбаған болса, кепіл нысанасы дереу қайтарылуға жатады. Егер күдікті, айыпталушы көрсетілген міндеттемені бұзбаған болса, қылмыстық қудалау органы бұлтартпау шарасын өзгертуі тиіс пе? Күдіктіні ҚР ҚК – тің 106 – бабының 1 - бөлігі мен 2 - бөлігі бойынша күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау кезінде – жәбірленуші тірі болғанда сот кепіл мөлшерін анықтау керек. Егер тұлға кепіл төлеген кезде, бірақ жәбірленуші қайтыс болғанда не істеу керек? Өйткені ҚР ҚПК – тің 148 – бабының 9 - бөлігіне сай, кепіл бұл кезде қолданылмайды. Мұндай әрекеттерді кім қадағалауы керек?

ҚР ҚПК – тің 145 – бабының 11 - бөлігіне сай, күдікті, айыпталушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамаған жағдайда, прокурор тергеу судьясына кепілді мемлекет кірісіне айналдыру туралы өтінішхат жібереді. Сот тиісті шешім қабылдайды, бірақ бұл шешімге кепіл беруші жоғары тұрған сотқа шағым жасауы мүмкін. Сот қаулысымен кепіл төлеушінің құқығы қозғалып және кепіл төлеуші шағымдануға құқылы болғандықтан, бұл өтініш сот отырысында қаралуы керек деп санаймыз [7, 45].

Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында прокурорлық қадағалау мен тергеу судьясы лауазымының қолданылуы көп түйінді шешуге көмектеседі. Ең бастысы, сот бақылауын жүргізу – азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын мемлекет тарапынан қорғалуына тиімді әсерін тигізетіні сөзсіз. Тергеу судьясы істерді тексеру кезіндегі жұмыс сапасын көтереді. Өйткені, оған тергеуші, анықтаушының іс барысындағы жағымсыз әрекетіне немесе әрекетсіздігіне бақылау жасап, шешу мәселесі жүктелген. Тергеу судьясы лауазымын атқаруға еңбек өтілі жоғары, тәжірибелі судьялар тағайындалуы керек.

Елбасы өзінің бес институционалды реформасын жүзеге асыру барысында соттарда айыптау мен қорғау арасындағы тепе-теңдікті орнату үшін адам мен азаматтардың конституциялық құқықтары шектелетін барлық тергеу әрекеттеріне санкция беруді кезең-кезеңімен барлық тергеу судьясына беру қажеттігін атап көрсеткен болатын. Осы ретте қылмыстық сот өндірісіне тергеу судьясының енгізілуі Қазақстанның әлемдік теңдік қағидатын қамтамасыз ету және тараптардың жарыстылығын, азаматтар құқығы мен бостандығын қорғаудың тиімділігін арттыру туралы жалпыға бірдей қабылданған талаптарға беріктігін көрсетіп отыр [8, 1].

Біз Қазақстан қоғамына етене жақын сот төрелігін қалыптастыру тұжырымдамасына сүйенеміз. Даулардың бейбіт жолмен реттелуіне көмектесу судьялар қызметінің бір саласы деу керек. Әлем елдерінде дауларды баламалы түрде шешу рәсімдерінің белсенді қолданылғаны бізге де үлгі, әрі оның тиімді тұстарын алғанымыз жөн. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне енгізілген бірқатар өзгерістер халықтың сотқа деген сенімінің артуына, соттың өкілеттіктерінің кеңеюіне кепіл беретіндігін айқындайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіндегі енгізілген бұл тергеу судьясының институты мен оның бірқатар өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына енгізу қажет деп санаймын. Сонымен қатар көріп отырғанымыздай тәжірибеде туындайтын сұрақтар өте көп болғандықтан тергеу судьясының құқықтық мәртебесін, ұйымдастырылу принциптерін және қызметін айқындайтын Заң енгізу қажет деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нағашыбаев М. Тергеу судьясы – қылмыстық заңнама арқылы енгізілген жаңа институт. – А.: Заңгер. - 2015. - №3(164). – Б. 37-39.
2. Тоқтаров Қ. Бес институционалдық реформа – бірізділікпен баратын берік қадамға айналуы тиіс. <http://bnews.kz/kz>.
3. Смирнов А.В. Институт следственных судей - конституционное требование? <http://xn----7sbaj7auwnffhk.xn--p1ai/article/10917>.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық – процестік кодексі <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>.
5. ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі. Жоғарғы Сотта Ұлт Жоспары шеңберінде тергеу судьяларының жұмысын реформалау бойынша халықаралық семинар өтті http://sud.gov.kz/kaz/news/zhogargy-sotta-ult-zhospary-shenberinde-tergeu-sudyalarynyn_zhumysyn-reformalau-boyunsha
6. «Үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын орындау қағидасын бекіту» туралы ҚР ӘМ 22.09.2014 жылғы бұйрығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0009741>
7. Ергалиева Ш. Проблемные вопросы, возникающие при рассмотрении материалов следственными судьями. - Алматы: Заңгер, 2015. - №3(164). – Б. 45-47.
8. Құрманғали А. Тәжірибесі жоқтар тергеу судьясы бола алмайды. <http://zanmedia.kz/2016/05/24/t-zhiribesi-zho-tar-tergeu-sudyasy-bol/>